

№ 06 (208)
МАУСЫМ 2025 ЖЫЛ

АІВҮН

Республикалық әскери-патриоттық журнал



БАС РЕДАКТОР
Ерлібай Қадырбай

ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОР
Тимур Аубакиров

ДИЗАЙНЕР
Мейрам Токжуманов

ТІЛШІЛЕР
Рима Әбеуова
Фархат Кинжитаев
Алуа Искакова
Нариман Дюсенов

КОРРЕКТОРЛАР
Сымбат Нұрхайдарова
Наталья Варнавская

ФОТОТІЛШІ
Журналда Думан
Құрманғалиевтің
фотолары пайдаланылған

E-MAIL: info@sarbaz.kz

МЕНШІК ИЕСІ:
«Әскери ГАЗ Медиа» ЖШС Қазақстан
Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл
ауданы, Комсомол тұрғын алабы, Домалақ ана
көшесі, 11 үй.
Тел. 8 (7172) 25-21-63

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігінің
тапсырысы бойынша
шығарылады

Автордың пікірі редакцияның көзқарасын
білдірмейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер
рецензияланбайды және авторларға
қайтарылмайды.

Журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар
және даму министрлігінде тіркеліп, 2015 жылғы
30-сәуірінде №5341-Ж куәлігі берілген
Шығуы ай сайын. Бағасы еркін.
Таралымы 666 дана. Тапсырыс № 05

МАЗМҰНЫ:

ХІ «АЙБЫН» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ
ЖАСТАР ЖИЫНЫ 4

ЖАСТАРДЫҢ
«АЙБЫН-2025» ЖИЫНЫ 8

«СОҒЫС ПСИХОЛОГИЯСЫ»:
ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ,
ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ 13

«ГЕОТАКТИКА»
— ЦИФРОВОЙ ПОЛИГОН
КАЗАХСТАНСКОЙ АРМИИ 18

НАГИ ИЛЬЯСОВ –
СОЛДАТ И ТРУЖЕНИК 21

РОЛЬ УЧИТЕЛЯ
В ГОДЫ ВЕЛИКОЙ
ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ 24

ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ –
ҰРПАҚҚА ТАҒЫЛЫМ 26

АБАЙ ЕЛІНІҢ АБЫРОЙЫН
АСҚАҚТАТТЫ 29

СТЕРЖЕНЬ АРМИИ 32


В ТЕНИ БОЛЬШОЙ ВОЙНЫ 36




4



8



13



18



32



20



29





ХІ «АЙБЫН» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ЖАСТАР ЖИЫНЫ

Өткен сәрсенбінің сәтті күнінде он бірінші рет өткізіліп жатқан «Айбын» халықаралық әскери-патриоттық жастар жиынының салтанатты ашылу рәсімі болды. Оған Қазақстан Республикасының Президенті – Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысты. Сондай-ақ, Халық қаһарманы Бақытжан Ертаев бастаған Қарулы Күштер ардагерлері мен ҚР Парламентінің депутаттары, сонымен бірге достас көрші елдердің әскери атташелері де бой көрсетті.

немесе айрықша әсерге бөлеген
ашылу салтанаты жайында

ХІ «Айбын» халықаралық әскери-патриоттық жастар жиынына Қазақстан, Әзербайжан, Беларусь, Қырғызстан, Ресей және Өзбекстан елдеріндегі әскери-патриоттық қозғалыстарға мүше 800-ге жуық жас өрен қатысып, бүгінде түрлі жарыстарда бақ сынап жатыр.

Аталмыш ауқымды іс-шара биыл Ақтөбе облысында ұйымдастырылды. Ол Ұлы Жеңістің 80 жылдығы мен қазақ халқының батыр қызы Әлия Молдағұлованың 100 жылдық мерейтойына арналды. «Айбынның» ашылу салтанаты көрерменнің көңілін баураған айшықты

көріністерімен ерекшеленді. Алдымен еліміздің ен даласын бізге аманат етіп қалдырған ата-бабамыздың батырлық бейнесі сомдалған театрландырылған әдемі көрініс көпшіліктің көзайымына айналды. Мұнда сөзіне де, өзіне де берік болған баһадүр бабаларымыздың бес қаруы да, оны қолданудың әдіс-тәсілдері де керемет көрсетілді. Бұны бүгінгі жас ұрпақтың ел-жұртқа ұсынуы бойымыздағы ұлттық рухтың ұшқынын жалындатып жібергені анық. Әрине, мұндай мазмұнды бағдарламаны әзірлеу мен оны жүзеге асыру – айтар ауызға ғана оңай. Ал, шын мәнінде қаншама еңбек пен төгілген маңдай тер жатыр. Оның басы-қасында Қорғаныс министрінің орынбасары генерал-майор Ш.Жазықбаев пен Қорғаныс министрлігі Тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі департаментінің бастығы әділет полковнигі Т.Басқожаевтың жүруі өте құптарлық-ақ жағдай. Қарулы



Күштердегі идеологиялық жұмыстардың иінін келтіріп жүрген бұл кісілер ендігі жерде ешкімнен именбейтіндей жас буынды тәрбиелеуге бел шеше кірісіп кеткен сияқты. Осы бағыттағы ой-пікірлерінен де осыны аңғардық. Әрине, әскерді жан-жақты қолдау мен оған жас буынды

баулуға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та әрдайым мән беріп келеді. Өскелең ұрпаққа өткен тарих пен өжет ата-бабаларымызды өнеге етуді де өзіндік ұстанымына айналдырған. Мұны «Айбын» жастар жиынында сөйлеген сөзінде тағы да аңғардық. – Биыл «Айбын» жиыны

қазақтың қайсар қызы, Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың туғанына 100 жыл толуына арналып отыр. Ержүрек мерген қыздың ерлігі халқымыздың және достас елдердің тарихына алтын әріппен жазылған. Қазақтың қаршадай қызы соғысқа аттанып, бірден қан майданның ортасына түсті.





Ол сұрапыл шайқастарда теңдессіз ерлік пен Отан алдындағы парызға адалдық үлгісін көрсетті. Биыл Ұлы Жеңіске – 80 жыл! Бұл – біздің елдерімізге ортақ тарихи мереке. Ұлы Жеңіс күнін атап өту – батыр бабалардың рухына тағзым ету,

олардың ерлігін жадымызда жаңғырту деген сөз. Қазақстан үшін мұның мән-мағынасы айрықша. Халқымыз Ұлы Жеңіске өлшеусіз үлес қосты, азаттық пен әділдік үшін аянбай күресті. Қазақстаннан 1 миллион 200 мың азамат майданға аттанды, оның тең жартысы ерлікпен қаза тапты. Мыңдаған адам далада, зауыттар мен фабрикаларда еңбек етіп, майданға азық-түлік, қару-жарақ және оқ-дәрі жіберді. Біз даңқты ерлеріміз бен тыл еңбеккерлерін ешқашан ұмытпаймыз, олардың есімін мәңгі есте

сақтаймыз. Батырларымыз жер-жаһандағы бейбітшілік пен тыныштық үшін аса ауыр сынақтарды еңсерді, - деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ, ел Президенті әскер қатарында болу абыройлы міндет екенін атап өтіп, мемлекетіміз өскелең ұрпақтың әскери-патриоттық тәрбиесіне аса мән беретінін жеткізді.

– Қуатты Армия – тәуелсіздік тірегі, қарқынды даму кепілі. Бүгін сапта тұрған сарбаздар – нағыз отаншыл, батыл, мықты азаматтар. Қазақстан Армиясының келешегі сіздердің қолдарыңызда! Әділетті және Қауіпсіз Қазақстанды құратын да – Сіздер. Мен Жоғарғы Бас қолбасшы ретінде еліміздің білімді, адал, озық

жастарына сенемін! Алдағы күндері сіздердің қаншалықты күшті әрі епті екендеріңіз сыналады. Әскери қызметтің қандай болатынын сезініп, заманауи армияның озық технологияларымен танысасыздар. Нағыз жауынгер табанды еңбек, қатаң тәртіп пен жауапкершілік қана жеңіске жеткізетінін біледі. Тактикалық ойындар кезінде сіздерге батылдық пен шешімталдық қажет болады. Командамен ұйымдаса әрекет ету, бір-біріңе көмектесу талап етіледі. Бүгін осы жиында Қазақстанның намысын «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының ең үздік мүшелері қорғайды. Жастарымыз жарысқа лайықты деңгейде қатысып қана қоймай, өздерін осы елдің қонақжай әрі кеңпейіл иесі ретінде көрсететініне сенімдімін. Осы жиыннан жаңа дағды үйреніп, адал дос тауып, керемет әсермен оралуларыңызға тілектеспін. Баршаңызға сәттілік тілеймін! - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жиын аясында балалар мен жасөспірімдер «Айбын



дарыны» интеллектуалдық ойынына, «Smart Sarbaz» технологиялық конкурсына және «Айбын» жұлдызы шығармашылық сайысына қатысады. Пневматикалық мылтықтан ату, Калашников автоматын шашып, қайта жинаудан жарысады. Сондай-ақ бағдарламада спорттық сайыстар, «Күшіміз – бірлікте» әскери-тактикалық ойыны бар. Кешқұрым жастар алау басында патриоттық әндер орындайды.

Ресми ашылу салтанатынан кейін Мемлекет басшысына Қорғаныс министрі, авиация генерал-лейтенанты Дәурен Қосанов FPV-дрон операторларын даярлайтын инновациялық оқу-жаттығу кешені мен ұшқыштарға арналған заманауи жаттығу симуляторларын таныстырды. Одан кейін Президент «Smart sarbaz» жас робот техниктері үйірмесінің жұмысымен



де танысты. Сондай-ақ балалардың «Жас сарбаз» әскери-патриоттық үрмелі аспаптар оркестерінің орындауындағы музыкалық шығарманы тыңдады.

Ал енді XI «Айбын» халықаралық әскери-патриоттық жастар жиынының ашылу салтанатына қайтадан оралайық. Бағдарлама өте жинақы әрі тартымды

жасалған. Мемлекет басшысының алғысөзінен кейін жиналған жұртшылық саптық салтанатты тамашалады. Бір ғана емес, бірнеше елдің (Қазақстан, Әзербайжан, Беларусь, Қырғызстан, Ресей, Өзбекстан және бақылаушы ретінде қатысқан Қытай елдерінің) Мемлекеттік туын көтерген жалынды жастар бірінен кейін

бірі алаңның ажарын ашты. Ту – рухтың символы ғой. Оны ұстаған өрендердің бойынан біз де биік рухты байқадық.

Ендігі кезекті «Айбын» халықаралық әскери-патриоттық жастар жиынының қалай өткендігінен кеңірек хабардар ететін ақпараттық шолуға береміз.





ЖАСТАРДЫҢ «АЙБЫН-2025» ЖИЫНЫ

он бірінші рет ұйымдастырылды



Маусымның соңында еліміздің және шет мемлекеттердің жасөспірімдері Қазақстанның батыс аймағына бет алды. Олар осымен он бірінші рет ұйымдастырылатын «Айбын-2025» жастар жиынында бас қоспақ. Оған Қорғаныс министрлігі мұрындық болып отыр.

Биылғы ауқымды шара Ұлы Жеңістің 80 жылдығы мен Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың 100 жылдығына арналды.

Үздіктер іріктелді

Өздеріңізге белгілі, осыған дейін өңірлерде аталмыш жиынға қатысу үшін іріктеу турлары өтті. Мысалы, батыста өткізілген жарысқа жеті команда қатысты. Олар пневматикалық мылтықтан ату, күштік жаттығулар, газтұмалдықты белгіленген уақытта кию, АК-74 автоматын бөлшектеп-жинау, арқан тартыс, әскерилендірілген эстафета және кростан, яғни бірқатар әскери-қолданбалы сынақтан өтті. Сөйтіп облыстық жарыстың қорытындысы бойынша бірінші және екінші орынды алған «Жас сарбаз» және «Жас жауынгер» командасы «Айбын» халықаралық әскери-патриоттық жастар жиынына жолдама алды. Сол секілді Түркістан облысының аудандары мен қалаларында да іріктеу туры өтті. Оған 255 адам қатысты. Жарыс қорытындысы бойынша бірінші орынды Кентау қаласының командасы, екінші орынды Сайрам ауданының құрамасы, үшінші орынды Арыс қаласы иеленді. Ал Астанада



68665 әскери бөлімінде жарыстар өтіп, нәтижесінде Ақтөбе қаласында өтетін XI халықаралық «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиынына қатысатын үздіктер іріктелді.

Сақадай-сай болды

Жетісу облысының «Жетісу тарландары» әскери-патриоттық клубы биылғы өтетін XI «Айбын»



халықаралық әскери-патриоттық жиынына сақадай-сай және жүлделі орын алуға ниетті.

«Жетісу тарландары» сәуір айынан бастап әскери-патриоттық жиынына күнделікті тынымсыз жаттығуларын жүргізді. Жиында 10 ұл, 5 қыз өз өнерлерін көрсететін болады және олар он бір түрлі сайыстарға шығып бақтарын сынамақ.

«Біздің «Жетісу тарландары» әскери-патриоттық клубының мүшелері жиынға толықтай дайын. Біз күнделікті дайындықта болып осы аталған жиында жақсы





Бірінші боп жетті

Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлері 06708 әскери клубының «Жас зеңбірекші» әскери-патриоттық клубы «Айбын-2025» әскери-патриоттық жастар жиынына қатысу үшін Ақтөбе қаласына ең бірінші болып жетті.

«Жас зеңбірекші» әскери-патриоттық клубының жетекшісі Тілек Кенжебеков бастаған жас жеткіншектердің әскери сайыста жеңіске жетсек деген мақсаттары бар.

Мұнан кейін «Хлебаторовка» оқу-жаттығу орталығына біртіндеп әскери-патриоттық клубтың тәрбиеленушілері жиыла бастады.

Жалпы «Айбын» жиынының басты идеясы – рухани құндылықтарды сақтау, озық дәстүрлерді нығайту, өскелең ұрпақты патриоттық рухта және Отанды қорғауға әрқез дайын болуға тәрбиелеу.

Құшақ жая қарсы алды

«Айбын» жастар жиынына қатысу үшін әскери-патриоттық клубтар Ақтөбеге жетті. Алыс-жақын шетелдерден – Әзербайжан, Беларусь, Қырғызстан, Ресей және Өзбекстаннан, жиынды байқаушы Қытай Халық Республикасынан еліміздің батыс өңіріне табан тіреп жатқан қонақтарымыз да бар.

Мысалы, Ақтөбе қаласының әуежайына алғашқылардың бірі болып Әзербайжан командасы келді. Джемшид Нахичеванский атындағы әскери лицейдің курсанты Эльмир Авазов өзінің көңіл-күйін жеткізді.

«Біз Қазақстанға «Айбын-2025» әскери-патриоттық жиынына қатысу үшін ғана емес, жеңіске деген үмітпен келдік. Біз өз елімізді лайықты түрде таныстыруымыз керек. Бұл оңай болмайтынын

мен тәжірибе беретін таптырмас орта», дейді 29011 әскери бөлімінің старшинасы-старшиналар құрамымен жұмыс жөніндегі топ бастығы 1-сыныпты старшина Болат Райымханов.

Мұнымен бірге, еліміздің әр қиырынан батыс өңірге бет алған



нәтижелер көрсетіп, жүлделі орын алуымыз үшін барымызды саламыз», - дейді «Жетісу тарландары» әскери-патриоттық клубының мүшесі Ақерке Қасен.

Жол тартты

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери-теңіз күштеріне қарасты 29011 әскери бөлімінің атынан қатысатын «Жас теңізшілер» әскери-патриоттық клубының тәрбиеленушілері Ақтөбе қаласында өтетін «Айбын-2025» республикалық



әскери-патриоттық жиынына қатысу үшін жолға шықты.


«Жыл сайынғы «Айбын» жиынына қатысу – біз үшін үлкен мәртебе әрі жауапкершілік. Балаларымыз тыңғылықты дайындалды. Бұл – жас буынға тәрбие

жастарымыз баршылық. Бұл іс-шара жасөспірімдердің патриоттық рухын арттырып, болашақ сарбаздардың бойында отансүйгіштік қасиетті қалыптастыруға ықпал етеді.



білемін, бізді қиын сынақтар мен күшті қарсыластар күтіп тұр, бірақ біз жеңіске бар күшімізді саламыз», – деді Эльмир.

Барлық шетелдік командалар Қазақстанға азаматтық авиация ұшақтары, қазақстандық командалар темір жол, автомобиль көлігі және әскери-көліктік авиация арқылы жетті. Сондай-ақ, 2024 жылдың соңында әуе қорғанысы күштеріне қабылданған А-400М көпфункционалды көлік лайнері тартылды.



Жалпы далалық лагерь аумағына 50-ден астам команда, оның ішінде 5 шетелдік команда қоныстанды. Олар келген күні мандаттық комиссияның отырысы және кезек тәртібін айқындайтын жеребе өтті.

Келесі күні жиынға қатысушылар жарысқа кірісті.

Жарыс басталды

Сөйтіп, 25-маусымда Ақтөбе облысында «Айбын-2025» әскери-патриоттық жиыны басталды. Жиынға 700-ден астам жастар қатысты.

Бірінші күні «Айбын дарыны» зияткерлік ойыны, пневматикалық мылтықтан ату, «Smart sarbaz» технологиялық байқауы және Калашников автоматын толық бөлшектеу және құрастыру секілді төрт байқау өтті.

«Айбын» халықаралық әскери-патриоттық жиынының барлық конкурстары қатысушыларға қиын әрі қызықты болатындай етіп жасалды. Командалық жарыстар жолдастық сезімді дамытады, интеллектуалды-ойлауға және күрделі мәселелерді шешуге мәжбүр етеді. Спорт – ерік-жігерді қатайтуға көмектеседі. Біз, ұйымдастырушы ретінде жарыс соңында қатысушылар жаңа дағдыларға, жаңа білімге және, әрине, жаңа достарға ие болатынына сенімдіміз, деп атап өтті «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының



төрағасы майор Мейірбек Меңдіғалиев.

«Айбын дарыны» квиз-ойыны жаңа жастар хобби форматында өткізілді. Байқауға логика, тарихты білу, медицина негіздері және жалпы эрудиция мәселелері кіреді. Қатысушылар дұрыс және жылдам жауап беріп, рейтингтік ұпайлар жинауы керек.

Пневматикалық мылтықтан атуға 5 адамнан тұратын командалар қатысты. Мақсат – нысанаға 10 метр қашықтықтан дөп тию. Орындар ұпай санына қарай бөлінді.

«Smart sarbaz» өнертапқыштық-технологиялық байқауына жиынға қатысушылар жауынгерлік жағдайларда адамды алмастыратын роботтар мен роботтық құрылғылардың модельдерін жасап, ұсынды.

Нұрболдың нәтижесі

«Айбын-2025» әскери-патриоттық жастар жиынында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери-теңіз күштерінің атынан қатысқан «Жас теңізшілер» әскери-патриоттық клубының

тәрбиеленушілері жоғары нәтиже көрсетті.

Жеке біріншілік бойынша 95 қатысушының арасынан көзге түскен Нұрбол Жиенбаев белтемірге тартылу сайысында 47 рет тартылып, ең үздік нәтижеге қол жеткізді. Ол аталған номинацияда бірінші орынды иеленді.

«Жеңіске жету үшін күн сайын дайындалдық. Бұл тек менің емес, бүкіл командамыздың жемісі. Бізді дайындаған жетекшіміз Болат Амангелдіұлына алғысымыз шексіз. «Жас теңізшілер» намысын әрқашан биік ұстаймыз», дейді жеңімпаз.

Сонымен қатар, командалық есепте «Жас теңізшілер» клубының командасы 19 команданың ішінен үздік үштікке еніп, жүлделі III орынды жеңіп алды.

Өз мәресіне жетті

Бес күнге созылған жиын 28 маусым күні өз мәресіне жетті. Жиын Әуе қорғанысы күштерінің екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Талғат Бигелдинов атындағы әскери институтының «Айбын» оқу-жаттығу орталығында өтті. Әзербайжан, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей

ЖАЛПЫ АЙБЫН» ЖАСТАР ЖИЫНЫ ОН БІРІНШІ РЕТ ӨТКІЗІЛІП ОТЫР ЖӘНЕ ОСЫ УАҚЫТ ІШІНДЕ ОҒАН 10 МЫҢНАН АСТАМ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР ҚАТЫСТЫ. ОЛ ҚАЗАҚСТАН ӘСКЕРІНІҢ ИМИДЖІН АРТТЫРУҒА, ӘСКЕРИ-ҚОЛДАНБАЛЫ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІН ТАНЫМАЛ ЕТУГЕ, ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ ӨТКЕРУ КЕЗІНДЕ ҚАЖЕТТІ DAҒДЫЛАРДЫ ҚАЗІРДЕН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ЫҚПАЛ ЕТЕДІ.

және Өзбекстан елдерінен жиналған командалар бір апта бойы зияткерлік, шығармашылық және әскери-қолданбалы сайыстарда бақ сынады.

Шараның салтанатты жабылу рәсіміне Қорғаныс министрлігінің басшылығы, күштік құрылымдардың және Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері, Қарулы күштер ардагерлері мен қоғамдық ұйымдар қатысты.

Жас патриоттарды жиынның аяқталуымен Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі авиация генерал-лейтенанты Дәурен Косанов құттықтады.

– Бүгінде бар назар сіздерге – жас ұрпаққа аударылып отыр. «Айбын» халықаралық әскери-патриоттық жиыны әскери ынтымақтастықты нығайтып қана қоймай, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. Әрбір жеңіс – бұл өзін-өзі дамытуға және жаңа жетістіктерге бастайтын қадам, – деді министр.

Сондай-ақ, Қорғаныс министрі шараны ұйымдастыруға қолдау көрсеткені үшін Ақтөбе облысының әкіміне және әділ бағалағаны үшін төрешілер алқасына алғысын білдірді. Сайыс нәтижесі бойынша өңірлік категорияда бірінші орынды Абай облысының «Абай қырандары» әскери-патриоттық клубы жеңіп алды. Екінші орынды Түркістан облысының «Жас қыран» клубы иеленді. Үшінші орынды Түркістан облысының «Арыстан» және Павлодар облысының «Қайсар» клубтары бөлісті.

Барлық жеңімпаз командалар мен Әзербайжан, Беларусь, Қырғызстан, Ресей және Өзбекстаннан келген қатысушыларға естелік сыйлықтар мен марапаттар табысталды.

Бауыржан Момышұлы өзінің «Соғыс психологиясы» кітабындағы алғы сөзінде «Көп жасағаннан сұрама – көпті көргеннен сұра» деген қазақтың нақыл сөзіне орай «адамның басына түскен қайғы-қасіретті өз көзіммен көруді маған тағдыр жазса ... онда мен басымнан өткергенімді айтып беруді міндетті деп санаймын ... » деген. Осы кітап беттерін мен талай рет қайта-қайта оқып шықтым Көлемі жағынан шағын, алайда мазмұны жағынан бай туындыға өзімнің қалай қарайтындығым туралы көп ойландым.



Ж.Х. АХМЕТОВ
әскери ғылым докторы, профессор,
генерал-майор

«СОҒЫС ПСИХОЛОГИЯСЫ»: ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ, ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ

«Соғыс психологиясы» кітабын қай жанырға жатқызуға болады – ересектер белгілі бір тақырыптың сыры, нақыл сөздер, дәріс трактат немесе очектер ме? Өзіннің мазмұны жағынан бұл туынды қандай: әскери-теориялық, әскери-тарихи, әлде, психологиялық-педагогикалық енбек пе? Күрделі сұрақтар.

Бұларға жауапты **үш көзқараста** табу мүмкін болып отыр: біріншіден, осы зерттелетін еңбектің өзінен; екіншіден, зерттеу немесе оқу мақсатымен салыстырғанда; үшіншіден, өзінің ішкі дүниесінен өткізіп, жеке пікірінді білдіргенде.

Бірінші көзқарас. Бір ғана сөйлеммен тұратын кіріспеді жазушы: Бауыржан

Момышұлының 1944 жылдың 14 қаңтарындағы әдебиет және өнер қызметкерлерімен кездесуін Қаныш Сатпаев дәріс әңгіме деген болатын. Бауыржан Момышұлы жұмыс жоспарын ұсына отырып, бұл кейіпкерлер туралы, ерлікті тәрбиелеу туралы ойларды баяндау екенін атап көрсетті, – «мен баспахана бояуы емес, ұрыс даласындағы қанмен жазылған соғыс кітабын оқыдым». Сонымен қатар оның әңгімесі әскери көзқарасты көркем баяндаумен үйлестіретін ағартушылық сипатта өтеді. Осы көзқараста «Соғыс психологиясы» – жазушының ойы мен жүрегіннен шыққан, «блиндаждың сөз тіркестері» бар соғыс туралы оқоптық шындық болып табылады.

Ол қолжазбаларына өзінің көзқарасын былай деп жазады: «Мен офицер ретінде, бірнеше мың ержүрек офицерлерімізді жетекшісі ретінде жауынгерлік ар-ожданым қалай айтса, солай жазамын, мен жазушылар үшін және де жазушы ретінде жазбаймын. Бауыржа Момышұлының сөзім айтқанда «қарапайым қара сөздермен болсада, айғақтарды жауынгерлік адал түрде қалдырдым ... Мақсатым – із қалдыру». Соғыстың ақиқатына жету – өте





Бауыржан Момышұлы (24 желтоқсан 1910 - 10 маусым 1982) — Кеңес одағының батыры, жазушы, Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, әскери қолбасшы, стратег және тактик.

Батыс майданындағы 16 армияның 316 (1941 жылдың қарашасынан бастап 8-гвардиялық Қызылту атқыштар дивизиясы 1073 атқыштар полкінің (1941 жылдың қарашасынан 19 Гвардия полкі) және батальон командирі. Ұлы Отан соғысына генерал-майор И.В. Панфилов басқарған әйгілі дивизиясының құрамында 1941 жылдың қыркүйек айынан бастап қатысты. Батальон командирі ретінде аға лейтенант

Бауыржан Момышұлы Москва үшін шайқаста 207 рет ұрысқа қатысты. 1941 жылдың 16-18 қараша күндері вермахтың Мәскеу бағытында екінші мәрте жасаған жорығы кезінде аға лейтенант Момышұлы басқарған батальон дивизиядан қашықта, Матронино деревнясының жанында Волоколам тасжолында асқан ерлікпен ұрыс жүргізді. Білікті комбаттың басшылығы арқасында 3 күн бойы фашистер шабуылын тойтарып, батальон үлкен шығынсыз, ұрысқа қабілетті жағдайда қоршаудан шығады.

1928-1930 жылдары бастауыш мектепте ұстаздық етеді. Біраз уақыт аудандық атқару комитетінің жасауыпты хатшысы ретінде қызмет атқарады. Аудандық милицияда 6 айдай жұмыс істейді. 1932 - 1934 жылдар аралығында Қызыл Армия қатарына қызмет етеді. 1933 жылы полк мектебін бітіреді. Атқару комитетіндегі қызметімен көзге түскен Бауыржан Тимофей Дубовиктің қолдауымен Шымкент өнеркәсіп банкінің экономисі болады. Осы қызметте жүрген уақытта 1936 жылы Республикалық банктің меңгерушісі Б.М.Барханның жолдамасымен Ленинградтағы Финанс академиясының жанындағы бір жылдық курсты бітіреді. Біліктілігін бағалаған басшылық оны КСРО өнеркәсіп банкінің республикалық басқармасына аға консультант ретінде тағайындайды. 1936 жылы жаңадан құрылып жатқан бөлімге взвод командирлігіне шақырылады. Бұл кезде рота командирі, полк штабы бастығының көмекшісі болады. 1939 жылы әкесі Момыш қайтыс болады. 1946-1948 жылдары Ворошилов атындағы әскери академияның тыңдаушысы болады. 1948-1950 жылдары 49-атқыштар бригадысы командирінің орынбасары қызметін атқарады. 1952 жылы Кеңес Армиясы Бас Штабының жанындағы Жоғары әскери академияны тәмамдайды. 1953 жылы академик Ван-Чон-Худың басқаруымен келген Қытай делегациясымен кездеседі. Соғыстан кейін 1950-1955 жылдары Совет Армиясы әскери академиясында сабақ береді. 1956 жылы полковник атағымен отставкаға шыққан соң, елге оралады. Елде біраз уақыт жұмыс табылмайды. Өмірбек Жолдасбеков Қазақ Ұлттық Университетінің әскери кафедрасына жұмысқа алмақ болады. Алайда оған да қарсылық болған көрінеді. Батыр енді толықтай шығармашылықпен айналысады. Ол қазақ және орыс тілдерінде бірдей жазып, өз өміріндегі көрген білгендерін шығармаларына арқау етеді. Оның қаламынан туған, өмір шындығының негізіндегі тамаша романы мен әңгіме, повестері қалың оқушының іздеп оқитын шығармаларына айналады. Олар бірнеше қайтара басылып шығарылды. Бауыржан соғыс уақытында Серігім, Жазушыға, Қалыбек аға, Біреулерге, Омарбекке, Жардың мұңы, F-ға, Ана тілін ардақта, Досыма, Толғау атты өлеңдер жазған. 1952-1956 жылы Офицердің күнделігі, Бір түннің тарихы, Біздің семья деген алғашқы кітаптары жарық көрді.

зор мәселе, сондықтан да бұл шығарманың немесе қолжазбаның атында айқындалып көрсетілген, – деп ол жиі айтатын.

Бауыржан Момышұлы соғыс тақырыбына жазу үшін кейбір тәсілдерді айқындап алды: соғыс туралы жазу үшін автордың өзі «бұл мәселе жөнінде білімді болуы, барлық материалдар мен деректерді зерттеп, шығармашылық түрде оларды жинақтап алуы керек, ол барлық сауалдарды жан-жақты білуі тиіс». Шындығында бұған ғылыми тұрғыда келген. Шындықты бүкпесіз жазу – бұл бірінші өзіне қойылған қатаң талап. «Шындықты жазу – бұл заңдылық жазған жазу – әдебиет, мәдениет, болашағымыз үшін – барып тұрған у». «Мен жауынгер ретінде – білмесем – жазбаймын, көрмесем – айтпаймын».

Оның ұлы Бақытжан Момышұлы 1996 жылғы «Өмір – мәңгі жол» атты баспасында атап көрсеткендей, «Соғыс психологиясы» жанрын әр түрде анықтауға болады, бірақ неліктен дәл қазіргі уақытта бұл кітаптың қажет болу себебін түсіну үшін жоғары білімді, білікті әскери адамдардың пікіріне құлақ түруге болады олардың айтуынша, нағыз дәрістер жас егеменді мемлекетіміздің әскери доктринасы мен әскери оқуының негізі бола алады. Бұл мүлде басқа көзқарас.

Екінші көзқарас. Қазіргі уақытта саясаткерлер, әскери адамдар, тарихшылар, саясатшылар, педагогтар мен психологтар зерттеу бағытында өз еңбектерінде «Соғыс психологиясының» ғылыми сөздерін оңына қолданады. Бұл жайдан-жай емес. Егер де әскери, рухани-адамгершілік, ұлттық-психологиялық, әскери-педагогикалық аспектілер зерттелетін болса, Бауыржан Момышұлының «иығына артылмайтын» еңбекті табу қиын.

Бауыржан Момышұлының әскери-теориялық мұрасы бойынша отандық ғылымда тамаша ғылыми диссертациялар қорғалды, атап айтқанда, Х.С. Мұханбетқалиевтің «Бауыржан Момышұлының майдан жолы мен әскери-теориялық мұрасы: тарихи таңдау», К.С. Серікбаевтың ғажап еңбектері Сондай-ақ К.Р. Аманжоловтың,

ТАНЫМ

А. Аманбаевтың, Х.К. Абраимовтың, К.Б. Әбеноттың, А. Айтқозинның, Л.К. Бақаевтың, М. Мырзахметовтың, М.Р. Сағдиевтің, Г.Д. Смирновтың, А.Б. Тасболатовтың және басқа да ғалымдар мен мектептердің мамандарын айтпай кету мүмкін емес.

Бауыржан Момышұлының әскери-теориялық, философиялық, педагогика-психологиялық және әдеби мұрасы орасан зор. Бұған «XXI ғасырдың шыңындығы Бауыржан Момышұлының мұрасы» атты аяқталған ғылыми жоба куә, осының арқасында Бауыржан Момышұлының 30 томдық академиялық шығармалар жинағы және оған арналған шығармалар, сондай-ақ энциклопедия-фотоальбомы шықты.

Кеңес одағының Батыры Бауыржан Момышұлының жүз жылдығына орай Мәскеуде «Аты аңызға айналған Батыр» атты кітабы шықты, бұл кітапта оның естеліктері, оның ішінде бұрын жарияланбағандары да бар, сондай-ақ Бауыржан Момышұлының күнделік жазбалары мен Мәскеу мұрағаттарында сақталған құжаттары бар.

Бауыржан Момышұлының көп қырлы және ауқымды мұрасын оқу немесе зерттеу мақсатында ізденетін адам өзінің көптеген сұрақтарына жауап таба алады. Осы жағынан «Соғыс психологиясының» көп қарасты жағы әдіс-тәсілдік құндылығын көрсетеді және де оның маңыздылығын анықтайды.

Бұл туындының басқа да маңызды жақтарын – оқыту және тәрбиелеуді – атап айтқым келеді. Оқу орындарының күнделікті терминдердегі – оқыту тәрбиелеу және оның айнымас бөлігі – әдістемелік жақтары.

Мектеп, колледж оқушылары, жоғары оқу орны студенттері үшін Бауыржан Момышұлының мұрасы Қазақстан тарихы курсы бойынша оқу үрдісінде, бастауыш әскери дайындықта оқытылуы тиіс. Педагогикалық қоғам «Соғыс психологиясының» мазмұнын қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу және де әскери-патриоттық тәрбие беру бағытында кеңінен қолдануы қажет.

Бұндайда қолбасшының ұлттық рух, ұлттық патриотизм мен ұлтын басқа ұлттан артық қою диалектикасы туралы ойларына қалай жүгінбессің.

Екі түсініктеме бар деп жазады ол – бұл ұлттық рух және өз ұлтын басқа ұлттан артық қою – бұл ұлт ішіндегі жеке тұлғаның кемшілігі».

Осыған байланысты патриотизм Отанына деген сүйіспеншілігің, өз жеке басыңның жақсы болуы қоғамдық-мемлекеттік қауіпсіздікке тәуелді болуы, тәуелділігің мемлекетке байланысты екендігін мойындау, мемлекетін қуатты болса, сен де қуатты боласың деген бауыржандық анықтаулардың маңызы зор.

Бауыржанның түсінігі бойынша патриотизм-отансүйгіштік деген мемлекет пен жеке тұлға барлық жағынан да, өткені, қазіргісі және келешегі – бәрі біріңғай.

Ұлттық рух немесе ұлттық отансүйгіштік деген түсініктерге бей-жай қарамау керек (атап айтсақ, көптеген адамдар бұл түсініктерді кеңес кезеңінде айналып өтетін).

Дәл осылай айту үшін ол Батыр бола алды.

Ұлттық рух немесе ұлттық патриотизм – басқалардан өзіндік психологиялық, этнографиялық ерекшеліктері бар, қаны, тегі, тілі, ділі, тұрмыс-салты бөлек, тарихи дәстүрлері қалыптасқан жеке тұлғаның өз халқына деген



сүйіспеншілігі.

«Соғыс психологиясы» анықтамалары мен түсініктемелерге бай, соған байланысты жастарды оқыту, тәрбиелеу мәселелері бойынша әдістемелік негізді жасай алады. Менің ойымша, бұл кітапты авторлық түсініктеме тұрғысында ешкімде жоқ, қайталанбас әскери-патриоттық, әскери тәрбиенің тәжірбиелік сөздігі ретінде айтуға болады.

Әскери оқу орындарындағы



оқу-тәрбие үрдісінде бұл еңбектің мүмкіндіктері сарқылмақ түгіл, әлі қолданылмай келеді.

Курсанттар мен офицерлерді оқу тәрбиелеу мақсатында зор жетістіктерге жетуге болады, сондықтан бұған біз қайтып оралатын боламыз.

Үшінші көзқарас – бұл еңбекті оқыған әр адамның жеке пікір-көзқарасы. Бұл жағдайда мынадай ережені айтуға болады: оқу, түсіну, қабылдау.

Келесі нәрселер қиындық туғызады: біріншіден, оқып білу. Жазылған еңбек

қарапайым емес, сезімге берілген алғашқы сәтте бұл еңбек түсінікті болып көрінуі мүмкін. Бауыржан Момышұлының ұлы «уақыт өткен сайын өз жалғасын табатын әр бір кітап оқырманның дайындық

сатысына байланысты бірнеше рет оқып шығу деңгейін меңгереді» деп айтқандай, бұл еңбекте өзіндік қиыншылықтары орын алған, бұның «Соғыс психологиясына» түгелдей қатысы бар.

Екішіден, түсіну. Түсіну үшін әскери өнер мен тәсіл, педагогика мен психология, философия саласында белгілі бір білімді меңгеру керек. Будан екі нәтиже шығаруға болады: бірінші – танып-

білетін адамға осыған сәйкес сөздіктер үнемі жұмыс жасау қажет; екінші – білім бергісі, оқып-үйреткісі келетін адамға жай әншейін сөздәйектер бостан-бос қолдана бермей, болашақ офицерді соғыстың мәнін, формасын, оның жүргізу тәсілдерін үйретіп, командирдің рөлі мен орнын, оқу-тәрбие түрлерін үйретіп, солдат-жауынгердің өмірге деген көзқарасын ең қымбат құндылық ретінде үйрету.

Бауыржан Момышұлының өзі «жауынгер қаза болса – бар құндылық біткенмен тең» деп дәл тауып айтқан.

Үшіншіден, қабылдау. Жетекшілік ету үшін, осы білімді ұстану үшін, осы білімді ұстану үшін оқып білу аз, түсіну жеткіліксіз, сондықтан қабылдай білу қажет.

Менің ойымша, егер командирдің (офицердің) қандай болу керек деген

танымы оның өмірлік ұстанымына айналса, ол бағыт-бағдар беретін жол сияқты қызмет жолында оңай болмайды.

Қолбасшы былай деп жазады: «оқып үйрену жеке тұлғаны жоғары көтеріп қалыптастырады. Тәрбие мінезді дамытады. Ақыл екеуінде бір үйлесімге келтіреді ...»

Мен офицер, ғалым, педагог ретінде Бауыржан Момышұлының көп қырлы мұрасына өз көзқарасымды білдіру менің міндетім деп санаймын. Маған Бауыржан Момышұлы тұлға ретінде зор ықпал етті. Курсант болған кезімде Александр Бектің «Волоколам жолы» атты кітабын бар ынтамен оқи отырып, Бауыржан Момышұлының мінезін, көзқарасын, жігерін түсінуге тырыстым. Кейін оның өз туындыларын оқып шықтым.

«Соғыс психологиясы» – мен оқыған бар шығармалардың ішіндегі ең ерекше туынды, нағыз мақала деп айта аламын. Осы кітаптың ықпалымен мен өзім де жаза бастадым. Мысалға менің мақалаларым, тәжік-ауған шекарасында өткен қызметім туралы естеліктерімді, соның ішінде «Бізді бәрі қазақ деп атайтын», «Әскер – менің екінші академиям», «Тәжік-ауған шекарасындағы ТМД сыртқы шекарасын нығайту бойынша міндеттерді орындау кезіндегі тәрбие жұмысының негізгі бағыттары, түрлері мен әдістері», «Тәжікстан: қауіпті шекара». Болашақ жоспарлар да жоқ емес.

Әскери ғылымдар кандидаты, кейін докторлық ғылыми дәреже алу үшін ғылыми зерттеулерде, «әскери ғылым» мамандығы бойынша доцент және профессор атағын алуда Бауыржан Момышұлының «Соғыс психологиясында» жазылған әскери-теориялық

көзқарастары ұлттық қауіпсіздік, ұлттық мүдде, қазақстандық патриотизм жаңа ұлттық тұрғыдағы офицерлерді дайындау сияқты жаңа құбылысқа ие категорияларды түсінуге әдістемелік кілт ретінде септігі болды. Ұлттық қауіпсіздік жөніндегі қолбасшы «соғысуға кедергі келтіретін ұлттық дәстүр жоқ, соғысуға көмек беретін ұлттық дәстүр бар. Ұлттық мақтаныш – ұлт ішіндегі тұлға үшін ең қасиетті және мызғымас берік заң» деп жазды.

Автордың пікірі бойынша, Бауыржан Момышұлы қазақстандық патриотизм деген түсінікті өзгелерден бұрын айтқан.

«Әркім өз ұлтын сүюі керек және де сол терең



сүйіспеншілігі арқылы басқа да ұлттарды тануы, оларды құрметтеуі, сүюі қажет. Халықтар ынтымақтастығы ұлттың мақтанышына негізделген. Міне, осында интернационализмнің негізі қалыптасқан». Бауыржан Момышұлының көзқарасы мен мұрасы осы кітапта және басқа да туындыларында бірігіп, менің ойымша, мемлекеттік әскери қауіпсіздігі мен оны қорғау тәсілдері теориясының негізін құрайды. «Әскер – мемлекетті сыртқы және ішкі жаулардан қорғайтын

ұйымдастырылған, тәртіпті мемлекеттік қарулы күш».

Қолбасшының соғыс тарихы мен соғыс жүргізу өнері туралы көзқарас өте қызықты, ол әскери жоғары оқу орындарында осы пән бойынша қазіргі зерттеушілер мен оқытушылар үшін әлі де өзекті болып отыр.

«Қазақ халқының әскери тарихы өз бастауын бұрынғы көне соғыстардан ала отыра, осы Ұлы Отан соғысынан басталуы керек еді.

Қазақ халқы осы соғыс уақытында шыналды, бай тәжірбиеге ие болып, биіктей түсті».

Ішкі жан-дүниесінің рухы мықты, ұлттық мақтанышты бойына жиған адамдар болған және бар. Бұған Елтөк Ділмұхамедовтың өмірі мен

жойылып, парақтарын алып қойып, автордың өзін қамауға алып, идеологиялық қуғынға ұшыратты. Соған қарамастан Е. Ділмұхамбетовтың әріптестеріне өзінің ғылыми білімге шынайы берілгендігін көрсетті. Ол да, Е. Бекмаханов та ресми түрде өкініштерін білдірмеді. Самодержавиялық Ресейге қарсы Кенесары Қасымовтың ұлт-азаттық қозғалысы ретіндегі күресінің концепциясынан бас тартпады. Ғалымдардың ғылыми және азаматтық ерліктері ұлтымыздың түп тамырының мықтылығының арқасында мүмкін болды. Ғалымдар ұлттық мақтаныш, ұлттық рух, ұлттық идеясын ұстанымдарына алды. Бауыржан Момышұлы: «мақтаныш, абырой жеке басының қадір-қасиетін сезіну. Абырой үшін жаныңды пидаету, рухыңды биік ұстау – нағыз зор із-құрмет».

«Соғыс психологиясына» деген көзқарасымды қарай отырып, оның курсанттар мен офицерлерді оқыту мен тәрбиелеуде теориялық және тәжірбиелік жетістіктерге жету барысындағы еңбек ретінде әдіснамалық оқуға көшемін, бұған қоса әскери білім берудің жүйелік проблемаларын аша отырамын. Оларды қорытынды түрінде көрсетемін.

Біріншіден, бұл еңбек отандық әскери мұра туралы маңызды туынды ретінде жоғары оқу орындарында міндетті түрде оқытылуы қажет. Әскери оқу орындарының әрбір кафедрасы оны басты оқулықтардың бірі ретінде ұсыныс жасап, өз орның табуы қажет – өйткені бұл көп-қырлы кітап. Оны оқытуды оқытушылар құрамын кәсіби деңгейде дайындайтын бағдарламаға және жас оқытушы мектебінің жүйесіне енгізу керек. Бұндай шығармаларды әскери оқу

АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ

орындарының оқытушысы лауазымына енгізу кезінде оқыту үшін қажетті әдебиет категориясына енгізу керек.

Екіншіден, бұл кітап әрбір курсант, әрбір офицердің жеке кітапханасында өз орнын табуы қажет. Осыған байланысты, «Офицер кітапханасы» атты серияны басып шығару қажеттілігі туындап отыр. Бауыржан Момышұлының шығармаларына бұл серияны бастауы болар еді. Бұл терең символдық, көрегенді, әділ шешім болады деп ойлаймын. Әскери оқу орындарының оқу үрдістері, тактикалық, атыс өнеріне дайындық, әскери педагогика мен психология, әскери топография, РХБЗ, байланыс және т.б. солар сияқты негізгі пәндер бойынша әскери оқулықтарға мұқтаж. Әзірше оның шешімін әрбір оқу орны өз мүмкіндігі бойынша шешуде. Менің ойымша, негізгі оқулықтарды жасау, оларды басып шығару үшін жалпыға міндетті мемлекеттік стандарт бойынша мемлекеттік тапсырыс болу қажет.

Үшіншіден, кітапты әрбір болашақ офицерге оқуға ұсыну керек, әскери институтта оқитын әрбір курсантқа тәжірбиелік іс-әрекеті үшін оқуға, ой пікіріне сіңіруге ұсынылатын әдебиет минимумы енгізілуі қажет. Осы кітаптың кітапханасындағы ең аз қоры кем емес – 180 дана болуы қажет.

Төртіншіден, оқытудың үш деңгейін атап көрсету керек. Бірінші, таныстыру, кіріспе, дәлелдеу: жалпы әскери дайындық кезінде (оқытудың бірінші айы) және бірінші курста. Екінші, дамытушы: екінші және үшінші курстарда, оқыту бағдарламалары бойынша сәйкес пәндерді оқыту үрдісінде, сондай-ақ кафедралардың дәрісхандан тыс жұмысы және тәрбие жұмысының барлық түрлері



мен әдістерінде. Үшінші, қалыптастырушы: төртінші курста, оқу бағдарламасын меңгеру нәтижесінде, негізгі түсініктер мен категорияларды білу, шеберлік пен ептілікті меңгеру, ең бастысы болашақ офицер – әскери қызметтің ұйымдастырушы өзінің қоластындағыларды үйрету, тәрбиелеу сияқты жұмысында тәжірбиелік жетекшілікке алу.

Бесінші, Әскери институттың курсантарын оқытудың барлық кезеңінде тәрбие жұмысын ұйымдастырудың кешенді жоспарының мазмұнында, тәрбие берудің барлық бағыттарында ұйымдастыруды іске асырылуы қажет, бұған клуб, кітапхана, мұражай, ардагерлер кеңесі, жастар орталығы кафедралардың белсенді түрдегі әдіснамалық көмегі арқасында қатысуы тиіс.

Алтыншы, әскери оқу орындары жағдайында оқытушылар мен курсанттардың ғылыми-зерттеу еңбектері: ғылыми конференциялар, конференциялардың ғылыми семинарлары, курсанттардың зерртеулірі зор патенциал болып табылады. Айтып кететін жай, әскери оқу орындарында Бауыржан Момышұлы туралы тақырыптар үздіксіз сипат алу керек, алайда мерейтой өткізу науқанына айналмауы керек –

1. «Соғыс психологиясы» – көп қырлы да күрделі еңбек, жазушы өзі «мен-жауынгерді шындықты көрмей, қарама-қайшы адам деп айтады; Менің қарама-қайшылығым мен өмір сүрген дәуірге байланысты. Мүмкін мен біреуге меншеншіл адам болып көрінетін шығармын, алайда мен өзімнің ішкі тұтастылығымды жақсы білемін». Осындай тұтастылық «Соғыс психологиясы» еңбегінде де бар. Мен оны еңбек деп жайдан-жай атаған жоқпын, өйткені ол қолбасшының қиналып шыққан ойлары мен жүрегімен жазылған, оның адамгершілік ұстанымы мен өмірлік ұстанымы оның жазған әрбір жолында көрініп тұр.

2. Сурет галериясында әдемі, үйлесімді, жұмсақ салынған үздік туындылар ілінген. Олардың қасында жалпақ, батыл, дөрекі майлы бояумен салынған, бірақ құндылығы аналардан кем емес үздік туынды суреттер тұр. Бауыржан Момышұлы «Соғыс психологиясы» еңбегі дәл осындай үздік туынды, сондықтан да ол әскери ой анталогиясында лайықты орын алуы қажет.

3. Табиғатта көптеп кездесетін пайдалы қазбалардың ішінде саф алтын кездейсоқ ұшырасып қалуы мүмкін. С.И. Ожеговтың, Н.Ю. Шведовтың орыс тілінің сөздігінде «химиялық таза түрде кездесетін қазба медалдың кесегі» деп түсініктемесі берілген. Адамдарға қатысты екінші түсініктемесі – зор табиғатынан зор дарынды адам». Меніңше, Кеңестер Одағының Батыры, Қолбасшы Бауыржан Момышұлына осындай мінездеме әбден лайық. Бұған қоса айтатыным әрбір саф алтын сияқты, ол – адамгершілік тазалығымен ерекшеленеді, ал саф алтын бедерлеуге келмейді.

Сонымен:



«ГЕОТАКТИКА» — ЦИФРОВОЙ ПОЛИГОН КАЗАХСТАНСКОЙ АРМИИ



ВРЕМЕНА, КОГДА ВОЕННАЯ ПОДГОТОВКА ПОЛАГАЛАСЬ ИСКЛЮЧИТЕЛЬНО НА ТРАДИЦИОННЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ, ОСТАЛИСЬ В ПРОШЛОМ. СОВРЕМЕННАЯ АРМИЯ ТРЕБУЕТ ОТ ВОЕННОСЛУЖАЩИХ НЕ ТОЛЬКО ВЛАДЕНИЯ ОРУЖИЕМ, НО И СПОСОБНОСТИ БЫСТРО ОРИЕНТИРОВАТЬСЯ В МЕНЯЮЩИХСЯ ОБСТОЯТЕЛЬСТВАХ. КЛЮЧЕВЫМИ ФАКТОРАМИ УСПЕХА СТАНОВЯТСЯ ИНТЕЛЛЕКТ ВОЕННОСЛУЖАЩИХ, ТАКТИЧЕСКИЕ НАВЫКИ И ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ. ПРЕЗИДЕНТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН – ВЕРХОВНЫЙ ГЛАВНОКОМАНДУЮЩИЙ ВООРУЖЕННЫМИ СИЛАМИ КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ В СВОЕМ ПОСЛАНИИ НАРОДУ ПОДЧЕРКНУЛ НЕОБХОДИМОСТЬ АКТИВНОГО ВНЕДРЕНИЯ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ И ТЕХНОЛОГИЙ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА ВО ВСЕ СФЕРЫ ЖИЗНИ СТРАНЫ, И АРМИЯ НЕ ДОЛЖНА ОСТАВАТЬСЯ В СТОРОНЕ ОТ ЭТОГО ПРОЦЕССА.

«Геотактика» — новая глава военного образования

Для выполнения поставленной Президентом цели в области военного образования казахстанские специалисты разработали военный компьютерный симулятор «Геотактика».

Это эффективный обучающий инструмент, позволяющий студентам и курсантам совершенствовать



ТЕХНОЛОГИИ

тактическое мышление, огневую подготовку, топографические навыки, развивать навыки управления техникой и беспилотными летательными аппаратами различных модификаций. Все это происходит в максимально реалистичной виртуальной среде.

Курсанты и студенты получают возможность отрабатывать командирские навыки управления подразделениями, вырабатывать профессиональные качества и умения действовать в полевых условиях, при этом не выезжая на полигон. Обучение может проводиться непрерывно, с анализом допущенных ошибок

В Институте военного дела имени К. И. Сатпаева использование компьютерного симулятора «Геотактика» в сочетании с традиционными методами обучения позволяет более качественно подготовить военных специалистов к эффективным действиям в реальной обстановке и полевых условиях. Комбинированный подход способствует формированию необходимых навыков и качеств, обеспечивающих успех в реальных боевых ситуациях.

В день открытых дверей в институте военного дела имени Сатпаева более тысячи школьников ознакомились с



и повторным выполнением задач для достижения поставленных целей.

Институт военного дела имени К. И. Сатпаева — лидер в цифровой подготовке военных специалистов

Для использования симулятора не требуется дорогостоящая техника или специфическое программное обеспечение, достаточно ноутбука или компьютера средней конфигурации, подключенного к Интернету. Именно поэтому «Геотактика» с 2021 года уже внедрена в учебный процесс Института военного дела имени К. И. Сатпаева и других учебных заведений.

возможностями симулятора.

Помимо того, в ноябре 2024 года впервые на платформе казахстанского симулятора «Геотактика» прошли военно-тактические соревнования среди студентов военных кафедр гражданских высших учебных заведений, курсантов вузов и колледжей Министерства обороны, где курсанты и студенты продемонстрировали навыки управления и боевого взаимодействия в цифровой среде. В соревнованиях приняли участие 19 военных кафедр, три военных института и один военный колледж. Победу в этих состязаниях одержал Институт военного дела имени К. И. Сатпаева.



Цифровая армия — не вымысел, а необходимость

Формат обучения военным дисциплинам оставался без изменений на протяжении десятилетий, преподавание начальной военной подготовки в школах не является исключением. Военные специалисты отмечают, что внедрение виртуальных симуляторов в учебный процесс положительно скажется не только на качестве образования, но и на отношении молодежи к военному делу, что является основой государственной политики военно-патриотического воспитания.


В мае 2025 года в учебном центре «Спасск» в Карагандинской области

выполнение упражнений на виртуальном полигоне симулятора «Геотактика». Школьники и преподаватели проявили живой интерес к данному формату соревнований и отметили необходимость внедрения симулятора в учебный процесс по предмету НВП в общеобразовательных школах.

Будущее за цифровыми технологиями

Симулятор «Геотактика» — это следующая ступень в развитии Вооруженных Сил Республики Казахстан, отражающая стремление казахстанской армии идти в ногу со временем, сочетая мужество и патриотизм с передовыми цифровыми технологиями.

Данная платформа не только повышает уровень тактической, огневой и информационно-технологической подготовки личного состава, но и способствует формированию нового поколения грамотных, уверенных и технически образованных военных специалистов.



прошли ежегодные военно-патриотические игры «Qaisar», организованные молодежным крылом «Жастар Рухы» партии АМАНАТ. В соревнованиях приняли участие 20 команд из всех регионов Республики Казахстан.

Одним из этапов игр было

Полковник запаса Канат ДАИРОВ, старший преподаватель цикла «Боевое применение артиллерии» Института военного дела КазННТУ, Алан МУСТАХИМ, студент 3 курса Института военного дела КазННТУ

НАГИ ИЛЬЯСОВ – СОЛДАТ И ТРУЖЕНИК

О ГЕРОЕ СОВЕТСКОГО СОЮЗА НАГИ ИЛЬЯСОВЕ УЖЕ ПРИ ЖИЗНИ ПИСАЛИ ГАЗЕТЫ, ВЫПУСКАЛИСЬ ПЛАКАТЫ, ПУБЛИКОВАЛИСЬ ОЧЕРКИ, ПОВЕСТИ, РАССКАЗЫ. ОТМЕЧЕННЫЙ ВЫСШЕЙ НАГРАДОЙ НА ВОЙНЕ, ГЕРОЙ И НА ТРУДОВОМ ФРОНТЕ ПОСЛЕ ВОЙНЫ ПОЛУЧИЛ МНОЖЕСТВО НАГРАД, В ТОМ ЧИСЛЕ ДВА ОРДЕНА «ТРУДОВОГО КРАСНОГО ЗНАМЕНИ».

Воевал умело, действовал смело

Аул имени Наги Ильясова в Сырдарьинском районе – это цветники и газоны, более 15 тысяч деревьев на въезде и самая протяженная в Казахстане цветочная клумба. Вечером местный люд собирается у фонтанов с подсветками, в утопающей в зелени центральной усадьбе благоустроенные улицы и красивые социальные объекты. В здешнем спорткомплексе аулчане играют в футбол, волейбол и настольный теннис, занимаются борьбой. Образованный в 1966 году рисоводческий совхоз «50 лет Казахской ССР» с 1992 года носит имя своего первого руководителя Героя Советского Союза Наги Ильясова. Именитый

фронтовик сделал аул показательным.

Детские годы героя были нелегкими. Родившийся 6 ноября 1920 года в Кызылординской области, Наги рано потерял родителей. Воспитывался в детских домах южноказахстанского города Арыс и в Ташкенте. В 19 лет он окончил Ташкентское педагогическое училище и начал работать учителем в средней школе Верхне-Ширшиковского района Ташкентской области. Затем устроился учителем неполной средней школы в родном ауле в Теренозекском районе Кызылординской области.

Когда началась война, сельского учителя призвали в Красную армию. Служил старшим разведчиком отдельного артиллерийского дивизиона 152-й стрелковой бригады, и уже в августе

1942 года оказался на Сталинградском фронте. В сентябре казахстанец принял боевое крещение, а в середине ноября стрелковая бригада прошла по тылам врага. Здесь Наги Ильясулы получил первое ранение, но остался в строю. Советские войска на Сталинградском фронте перешли в контрнаступление, Наги Ильясов участвовал в боях

за освобождение Калмыкии, Ростовской области, города Ростов-на-Дону. В мае 1943 года отдельный артиллерийский дивизион был включен в состав 475-го артполка 99-й стрелковой дивизии 46-й армии 2-го Украинского фронта.

Забегая вперед, скажем, что наш земляк не раз за время войны будет ранен в бою, но всегда отказывался покидать



передовую. Однажды Наги Ильясов получил серьезное ранение и оказался в госпитале, правда, ненадолго. При первой же возможности он сбежал из лазарета, и отправился догонять своих боевых товарищей.

Сохранился рассказ самого героя о том, что за участие в форсировании крупной водной преграды – реки Дунай, и в отражении контратак врага в составе штурмовой группы в декабре 1944 года, когда его вновь ранило, и он остался в строю, ряд командиров были представлены к званию Героя Советского Союза.

– В их числе был и я, – буднично продолжил Наги Ильясов. – Мы тогда перерезали дорогу, ведущую на Будапешт, разгромили вражеский обоз, подорвали девять автомобилей.

